



ХІІІ МІЖНАРОДНА НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСЬКА КОНФЕРЕНЦІЯ
SCIENCE AND TECHNOLOGIES

ResearchGate Google Scholar

НАУЧНА ЕЛЕКТРОННА БІБЛІОТЕКА
e LIBRARY.RU

IWI WORLD of JOURNALS



ISSN DOAJ

DIRECTORY OF
OPEN ACCESS
JOURNALS

OPEN ACCESS



irc-els.com

20 СЕНТЯБРЯ 2024
АСТАНА, КАЗАХСТАН



XIII International Scientific and practical conference “**SCIENCE and TECHNOLOGIES**”

УДК 37.0
ББК 74.00
С 14

Main editor: G. Shulenbaev

Editorial colleague:

B. Kuspanova
Sh Abyhanova

International editorial board:

R. Stepanov (Russia)
T. Khushruz (Uzbekistan)
A. Azizbek (Uzbekistan)
F. Doflat (Azerbaijan)

С 14

XII Международная научно-практическая конференция «НАУКА и ТЕХНОЛОГИИ» /сост.:
Б.Куспанова и.т.д – г. Астана, Казахстан, 2024 – 55 стр.

ISBN 978-601-332-668-9

XIII International scientific-practical conference «SCIENCE and TECHNOLOGIES», includes reports of scientists, students, undergraduates and school teachers from different countries (Kazakhstan, Tajikistan, Azerbaijan, Russia, Uzbekistan, China, Turkey, Belarus, Kyrgyzstan, Moldova, Turkmenistan, Georgia, Bulgaria, Mongolia). The materials of the collection will be of interest to researchers, teachers, teachers of secondary schools, colleges, undergraduates, students of educational and scientific institutions.

XIII Международная научно-практическая конференция «НАУКА и ТЕХНОЛОГИИ», включают доклады ученых, студентов, магистрантов и учителей школ из разных стран (Казахстан, Таджикистан, Азербайджан, Россия, Узбекистан, Китай, Турция, Беларусь, Кыргызстан, Молдавия, Туркменистан, Грузия, Болгария, Монголия). Материалы сборника будут интересны научным сотрудникам, преподавателям, учителям средних школ, колледжей, магистрантам, студентам учебных и научных учреждений.

УДК 37.0
ББК 74.00

ISBN 978-601-332-668-9

DOI 10.24412/2709-1201-2024-23-16-22

ӘОЖ 33.332.21

ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ

ШОМШЕКОВА БАЛХИЯ

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, қауымдастырылған профессор (доцент)
Талдықорған, Қазақстан

Аннотация. Ауылшаруашылық өндірісінде жер әрдайым өндіріс объектісі және өндіріс құралы ретінде әрекет ететіндіктен, елдің аграрлық саласындағы жер қатынастарының негізі жерге иелік ету, оны пайдалану мен нәтижелерін қолдану және бөлуді анықтаудағы экономикалық мәні жүйеленген. Жер қатынастарының дамуы адамзат қоғамының тарихында орын алған, жерге меншік қатынастарының әлеуметтік-экономикалық формациялардың өзгеруіне байланысты болғандықтан, оның экономикалық табиғатын жер қатынастарының даму кезеңдеріне сай, Қазақстанның постсоциалистік ретроспективасында қарастырылған. Отандық жер қатынастарының дамуы ауыл шаруашылық саласындағы жерге меншіктің көп түрлілігін қалыптастыру кезеңдеріне және елімізде жүргізілген жер реформасы мен қабылданған нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес берілген. Ауыл шаруашылығында шаруашылықты жүргізудің түрлі нысандарының қалыптасуы және олардың ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің қомақты үлесіне иелік ету барысындағы нәтижесіне нақты мәліметтермен талдау жүргізіліп, ауыл шаруашылығындағы өндірісіндегі жер қатынастарының орны мен қазіргі жағдайы зерделенген.

Тірек сөздер: жер, жер реформасы, жер қатынастары, жер санаттары, жерге мемлекеттік меншік, жерге жеке меншік, шаруашылықты жүргізудің нысандары.

Өндіріс үрдісінде жер қатынастарының экономикалық мәні әрдайым оның қатысушылары арасында жер ресурстары мен өндіріс құралдарына иелік ету, пайдалану және нәтижелерді бөлу туралы белгілі бір қатынастар туындайды. Ауылшаруашылық өндірісінде жер әрдайым өндіріс объектісі және өндіріс құралы ретінде әрекет етеді, яғни жер өндірістің негізі болып, ал жер қатынастары ауыл шаруашылығындағы қатынастарды анықтайды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда ауылшаруашылық кәсіпорындарының қызметі экономиканың аграрлық секторын реформалау жағдайында, мемлекеттің жер саясаты мен оны жүзеге асыру тетіктерін жетілдіру, жер қатынастарын қаржылық-экономикалық реттеудің тиімді жүйесінің дамыту жағдайында өріс алуда.

Қазақстандағы ауылшаруашылық өндірісінің қарқындылығын арттыруда жер қатынастарын тиімді дамыту үшін жер қатынастарының теориялық және экономикалық негіздерін тереңдете зерттеу өзектілігі артып отыр. Жер қатынастарының мәнін негіздеу мәселесіне көптеген отандық және шетелдік ғалымдар мен практиктердің зерттеулерін қарастыра отырып, оның елдің әлеуметтік-экономикалық жүйедегі орнын, түрлі тәсілдер көмегімен жер қатынастарының экономикалық табиғатын зерттеу.

Ғылыми-зерттеу әдебиеттерінде «жер қатынастары» ұғымын анықтауға қатысты көптеген пікірлер бар. Жер қатынастарының теориялық негіздерін зерттеуші ғалымдар жер қатынастарының негізінде жерге меншік категориясы жатыр деп мәлімдейді. Осыған сәйкес жер қатынастары әлеуметтік-экономикалық формациялардың өзгеруі мен дамуының ретроспективасында қарастырылуы орынды болып, оны алғашқы қауымдық қоғам, құл иеленуші, феодалдық, капиталистік, социалистік, постсоциалистік жер қатынастарын бөліп жеке қарастыру қажет деген пікірлерге қосыламыз [1,31-35бб.] (кестел).

Біздің ойымызша, жер қатынастарының мәнін осылай түсіну, еліміз тарихындағы жерді пайдалану үрдісінде қалыптасқан экономикалық (өндірістік) қатынастарды сипаттайды және

бір уақытта жерді өндіріс құралы ретінде пайдалану кезінде материалдық және әлеуметтік-экономикалық қатынастардың нысандарын өзіне қосады. Жер қатынастарының өзгеруі мемлекет дамуының тарихи ерекшеліктеріне сәйкес оқшауланбай, қоғамның өндірістік қатынастарының бүкіл жүйесімен бірге жүреді және маңызды орын алады.

Кесте 1 - Қоғамдық экономикалық құрылымдардың ретроспективасындағы жер қатынастарының экономикалық мәні

Жер қатынастарының түрі	Жер қатынастарының сипаттамасы
Алғашқы қауымдастық құрылыс	қауымдастықтың әрбір мүшесінің еңбек нәтижелерінің тең және біркелкі бөлінуін қамтамасыз ететін жерге ортақ меншік
Құл иеленушілер қоғамы	құл иеленушінің жерге абсолютті меншігі және құлдардың еңбек нәтижелерінің иесі
Феодалдық қоғам	феодалдық үстемдік және жер иесі феодалдың құқықтық мәртебесін нығайту өнімді бөлу кезінде ғана емес, сонымен қатар феодалдық қоғамда өндірістік процеске қатысушылардың орналасуында негіз болды
Капиталистік	жерге жеке меншік, ауылшаруашылық өндірісінде жалдамалы еңбекті пайдалану, еңбек нәтижелерін иемденудің жеке нысаны
Социалистік	жерге ұжымдық меншік, ұжымдық еңбекті ұйымдастыру және еңбек нәтижелерін теңестіру
Постсоциалистік	жерді жекешелендіру, қоғамдық меншіктегі әрбір қатысушының үлесін анықтау, ұжымдық еңбекті ұйымдастыру және жерге жеке меншіктің артықшылықтарын біріктіру негізінде көп салалы экономиканы дамыту

Қазақстандағы жер қатынастарының негізін анықтайтын бірқатар заңнамалық актілер 1990 жылы Қазақ КСР Жер кодексінің қабылдануынан бастау алып, жер қатынастары меншіктің көп түріне негізделген рынокті экономиканың қалыптасу логикасына сәйкес, кезең-кезеңмен дамытылып, жетілдірілуде. Қазақстанның жер қатынастарын дамытуды бірнеше кезеңдер бойынша қарастыруға болады, олар:

1) Алғашқы кезең 1990-1993 жж. «Жер кодексі» (1990 ж.), «Шаруа қожалығы туралы» (1990 ж.), «Жер салығы туралы» (1991 ж.) және т.б. заңнамалық негіздердің қабылдануымен сипатталады. 1990 жылы 16 қарашада қабылданған Жер кодексіне сәйкес Қазақстанда жер республиканың айрықша меншігі деп танылғандықтан, жерді сатып алуға, жер учаскелерін сатуға, сыйға тарту, кепілге қою және өз бетінше айырбастауға тыйым салынған.

1991 жылы 28 маусымдағы «Жер реформасы туралы» Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Заңының бекітілуіне байланысты жер реформасының міндеті ауыл шаруашылығында шаруашылықты жүргізудің әртүрлі нысандарының тиімді жұмыс істеуі үшін құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар жасау, жерді ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ету және осы негізде ауыл шаруашылығы өнімі көлемінің тұрақты өсуіне қол жеткізу мақсатында жер қатынастарын қайта құруға бет бұрылды[2]. Аталған жер реформасының негізгі бағыттары:

1. Халық депутаттары аудандық кеңестерінің, кейіннен жерді неғұрлым тиімді пайдалану мүддесіне қайта бөлу мақсатында арнайы жер қорын құру.

2. Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін арнайы қордан халық депутаттарының қалалық кеңестерінің қарауына жердің бір бөлігін беру. Шаруа және жеке қосалқы шаруашылық, мал шаруашылығы, бау-бақша, құрылыс, дәстүрлі халық қолөнерімен айналысу үшін Қазақ КСР азаматтарына өмір бойы мұрагерлік иелікке жер беру.

3. Қайта құрылған колхоздар, совхоздар мен басқа да мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, мемлекет меншігінен алынған және жекешелендірілген жағдайларда жерді қайта бөлу.

4. Ауылдық елді мекендердің шекараларын белгілеу және нақтылау.

5. Жер учаскелерін иелену және пайдалану құқығына құжаттарды рәсімдеу және қайта рәсімдеу 1991-1992 жылдарға арналған «Қазақ КСР мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру бағдарламасы және Қазақ КСР-дегі мемлекеттік меншікті жекешелендірудің купондық тетігі туралы ереже туралы» қаулысымен байланысты жүзеге аса бастады[3].

2) Келесі кезең 1994-1995 жж. ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру мен жекешелендіруден басталып, ҚР Жер реформасы бойынша ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын шаруашылықтың бір түрінен екіншісіне қайта ұйымдастыру жүзеге асты. Колхоздар мен совхоздар нарық талабына сай жаңаша ұйымдастырылып, нәтижесінде мемлекеттік емес ауыл шаруашылығы заңды тұлғалары - акционерлік қоғамдар (АҚ), жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер (ЖШС), сенім серіктестіктері (КТ), өндірістік кооперативтер (ӨК) және шаруа және фермер қожалықтары (ШФҚ) пайда болды.

Қайта ұйымдастырылған совхоздар мен колхоздарда жұмыс істеген Қазақстан Республикасының азаматтарына, зейнеткерлерге және қызмет көрсету бойынша әлеуметтік және өндірістік салада жұмыс істейтін, ал ауылдық елді мекен аумағындағы тұратын адамдарға шартты жер үлесіне құқық беру үрдісі дамыды. Жер үлестерінің мөлшерін шаруашылықтың жалпы ауданы бойынша шартты үлеске құқығы бар тұлғалар санына бөлу жолмен анықталды.

Осы кезеңге талдау жүргізу барысында бірнеше жағымсыз жайттар, оның ішінде ауыспалы егіс жүйесі жойылды, материалдық-техникалық базаның жетіспеушілігінен пайдаланылмаған және ұтымсыз пайдаланылған жерлердің пайда болуына әкелді. Сонымен бірге шаруа қожалықтарының көпшілігі салықтық жеңілдіктер, несиелер алу мақсатында асығыс, формальды түрде құрылғандықтан, өндірістік - экономикалық механизмде өзгерістер болмады. Одан басқа адамдарға шартты жер мен мүліктегі өз үлестерін сатып алу орын алғандықтан, бөліске түсуден қалған шаруашылық орындары дұрыс жұмыс істемеді.

Соған қарамастан 1995 ж. қарай республикада мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындарының 84% жекешелендіріліп, оның негізінде 3300-ге жуық шағын кәсіпорындар, акционерлік қоғамдар, шаруа (фермер) қожалықтары құрылды. Өндірістік салада құрылған фермерлік шаруашылықтар мемлекеттің қаржылық қолдауынсыз дами алмады. Нәтижесінде ауылшаруашылық өндірісі қысқарып, ел азық-түлік импортына көбірек тәуелді болды.

3) 1995-2000 жж. - ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын нарықтық жағдайларға бейімдеу кезеңінде, жер қатынастарын дамытуға арналған «Жер туралы» заң күші бар Жарлық (1995 ж.) қабылданып, алдағы кезең үрдісін дамытудың логикалық жалғасы ретінде, жеке меншікті енгізуге бет бұрылды. 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Конституция және «Жер туралы» заңда белгіленген негіздер мен шарттарда және шектерде жүргізіліп, елімізде мемлекеттік меншікпен бірге жеке меншіктің дамуына жол ашты. Жерге жеке меншікті тану, жер учаскелері мен жер пайдалану құқықтарын нарықтық айналымға енгізу бүкіл әлемге Қазақстанның нарықтық экономикасы бар өркениетті мемлекет құру жолына түскенін білдірді.

4) 2001-2003 жж. реформаның төртінші кезеңі- 2001 жылғы 24 қаңтарда «Жер туралы» Заңның қабылдануымен сипатталады. Жер заңнамасында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік органдардың құзыреттері нақтыланып, жергілікті өкілді органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілеттіктері айқындалды. Аталған құжатта тек мемлекеттік заңды тұлғалар ғана тұрақты жер пайдалану құқығына ие бола алады, уақытша пайдалану мерзімі 99 жылдан 49 жылға дейін қысқартылды, қайталама жер пайдалануға тыйым салынды, шартты жер үлестерінің құқықтық режимі мен билік ету мерзімдері нақтыланды, «қандастарға» жер телімдерін беру тәртібі айқындалды. Сонымен қатар,

ауылшаруашылық кәсіпорындарын қайта құру үрдісі аяқталып, 2003 жыл басындағы жағдай бойынша шаруа (фермер) қожалықтарының саны 138 мыңға жуық бірлікті құрап, оған 31,5 млн. га жер олардың иелігіне бекітіліп берілді.

5) 2003 жылғы 20 маусымнан бастап- осы уақытқа дейін жалғасқан кезең 2003 ж. 20 наурызда Қазақстан Республикасының Жер кодексінің қабылдануымен және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке меншікке рұқсат берумен сипатталады. Азаматтар жерді пайдалану құқығына ие болды. Бірақ заң бойынша, ауылшаруашылық жерлеріне жеке меншікті енгізу, адамдардың оларды жеке меншікке сатып алуға міндетті екенін білдірмейді. ҚР Жер кодексінің 171-бабына сәйкес жер учаскелерін меншікке беру шарттарының жүйесі бар: толық кадастрлық құн, кадастрлық құнның 50% мөлшерінде белгіленетін жеңілдікті баға, 10 жылға дейінгі мерзімге бөліп төлеу [4].

1. Осыдан Қазақстандағы жер реформасының негізгі нәтижелері бойынша жер меншігінің алуан түрін қалыптастыру арқылы ақылы жерді пайдалану мен жеке меншікті енгізу, жер нарығын дамытудың негізі болып табылады [5,282].

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының жер қоры нысаналы мақсатына сәйкес 7 санатқа бөлінеді, олар: 1) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер; 2) елді мекендердің (қалалардың, кенттердің және ауылдық елді мекендердің) жерлері; 3) өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметінің, қорғаныстың, ұлттық қауіпсіздіктің мұқтаждары үшін және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер; 4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер; 5) орман қорының жерлері; 6) су қорының жерлері; 7) босалқы жерлер.

Жер есебінің деректерін талдау жер санаттары бойынша аудандарға бөлуд жыл сайын әртүрлі өзгерістердің орын алатынын көрсетеді, бұл туралы 1991 және 2021 жылдардағы жер қорының құрылымы мен көлемі және үлесі туралы мәліметтерде берілген (кесте1) [6].

Кесте 1- 1991, 2021 жж. ҚР жер қорындағы жер санаттарының көлемі мен үлесі

№	Жер санаттарының атауы	1991ж. (мың га)	Жер қорынд ағы үлесі, %	2021ж. (мың га)	Жер қорынд ағы үлесі, %	Ауытқ у+,- 2021ж./ 1991ж.
1.	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	218 375	0,803	113961 ,4	0,433	- 104414 ,4
2.	Елді мекендердің жерлері	3747,2	0,014	24 288,7	0,092	+20541 ,5
3.	Өнеркәсіп,көлік,байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздіктің мұқтаждары үшін және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер	18 796,8	0,069	2239,1	0,009	- 16557, 7
4.	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер	775,3	0,003	7810,7	0,03	+7035, 6
5.	Орман қорының жерлері	10 179,2	0,037	22435, 3	0,086	+12256 ,1
6.	Су қорының жерлері	819,9	0,003	4206,5	0,016	+3386, 6
7.	Жер қоры (запастағы жерлер)	18 952,3	0,070	87989, 1	0,334	+69036 ,8

	Жиыны	271 646,3	99,99	262930 ,8	100,0	-8715,5
	оның ішінде басқа мемлекеттердің территориясында қолданылатын жерлер	149,8	0,0005	0,9	0,0000 3	-148,9
	басқа мемлекеттердің пайдаланылатын жерлері	993,7	0,004	9561,1	0,035	+8567, 4
	ҚР территориясы	272 490,2	100	72491, 2	100	+8

Ескерту- 2021 ж. жерді пайдаланылу туралы жиынтық талдамалық есеп мәліметтері бойынша құрастырылған.

Берілген кесте мәліметтерінен 1991 және 2021 жылдардағы жер қорындағы жер санаттарының көлемі мен үлестері бойынша динамикасынан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер көлемі 1991 жылы 218 375 мың га құрап, жер қорындағы үлесі 0,803% , ал 2021 жылы 113 961,4 мың га, үлесі 0,433% құрап, яғни 104 414,4 мың га төмендеген.

2. Егер Қазақстанның үлкен аумағы бар екенін ескерсек, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер көлемі бойынша, бұл өте төменгі көрсеткіш. Бұл төмендеуінің негізгі себептерінің бірі: жерді өнеркәсіптік мақсаттарға шығару, елді мекендердің шекараларын белгілеу, орман қорының жерлеріне жанама орман пайдалануға берілген шаруа қожалықтарының жер учаскелерін қайтару, пайдалану мерзімдерінің аяқталуына және ерікті түрде бас тартуға байланысты босалқы жерлерге қайтаруға байланысты орын алған [7,23-296.].

Сонымен бірге 2016 жылғы 6 мамырда ауыл шаруашылығы жерлерін сатуға мораторий енгізу барысында:

- мемлекет ауылшаруашылық жерлерін шетелдіктерге, қандастарға және тіпті шетелдік қатысуы бар қазақстандық заңды тұлғаларға сатуға тыйым салды.

- ауылшаруашылық жерлерін тек жалдау құқығымен пайдалану енгізілді.

Мораторий мерзімі 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды.

Қазақстан Республикасының Конституциясында жер мен оның жер қойнауы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде екені айқындалған. Жер сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте болуы мүмкіндігі көрсетілген. 2021 жылғы 1 қарашадағы жер балансындағы азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жеке меншігіндегі жер есебінің деректері бойынша әртүрлі санаттағы 2805,0 мың га жер бар. Жер ресурстарының негізгі аумағы мемлекеттік меншікке тиесілі. Жер қорын жер санаттары бөлінісінде меншік нысандары бойынша бөлінуі 2-кестеде берілген.

Кесте 2- 2021 жылғы 1 қарашаға жер санаттары бөлінісінде жерді меншік нысандары бойынша бөлу

Жер санаты	Жер алаңы	оның ішінде	
		жеке меншікте	мемлекет меншігінде
1. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	113 961.4	1 423.2	112 538.2
2. Елді мекендердің жерлері	24 288.7	1 290.5	22 998.2
3. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерлер	2 239.1	90.7	2 148.4

4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері, сауықтыру, рекреациялық және тарихи мақсаттағы жерлер	70810,7	0.5	7 810,2
5. Орман қорының жерлері	220435,3	0,1	220435,2
6. Жер қоры	4 206.5	-	4 206.5
7. Запастағы жер қоры	87 989.1	-	87 989.1
Барлығы	2620930,8	20825,0	2600125,8

Ескерту- ҚР 2021 ж. жерді пайдаланылу туралы жиынтық талдамалық есеп мәліметтері

Берілген кесте мәліметтерінен жеке меншіктегі жерлердің жалпы көлеміндегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 50,7 %, елді мекендердің жерлері-46,0 %, өнеркәсіп, көлік, байланыс және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлерге - 3,2 %, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлеріне, сауықтыру, рекреациялық және тарихи – мәдени мақсаттағы жерлерге-0,02%, орман алқаптарына тиесілі қор – 0,004 % құрады

ҚР жер қорының құрамындағы жер учаскелерінің негізгі алаңдары: шаруа және фермер қожалығы - 34,1%, тауарлық ауыл шаруашылығы өндірісі - 15,4 %; бау-бақша және саяжай құрылысы-1,2 %, жеке қосалқы шаруашылық-10,1 %,жеке тұрғын үй құрылысы-10,3 % басқалары үшін, негізінен кәсіпкерлік, елді мекендердегі мақсаттар-25,6 % жерлердегі өнеркәсіптік және өзге де мақсаттар үшін өнеркәсіп, көлік, байланыс және өзге де ауыл шаруашылығына арналмаған-3,2 % тиесілі .

3. Елімізде жер қатыстарының қалыптасуы мен дамуы барысында қол жеткен нәтижелерге қарамастан, бүгінгі таңда ауыл шаруашылық өндірісі өте баяу қарқынмен өсуде. Мысалы, 2023 жылдың қыркүйек айының соңында Қазақстанның ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығының үлесі небәрі 4.1% құрайды [8,7-8б.].

Қазақстанда жер қатынастарын дамыту күрделі де маңызды үрдіс. Ол ауыл шаруашылығы саласын тұрақты дамытумен байланысты жүргізілетін іс-шаралармен бірге жер қатынастарын басқару жүйесіндегі жұмыстарды қарқынды жалғастыру арқылы жер қатынастарын жаңа сын-қатерлерге бейімдеу, климаттың өзгеруін, технологиялық инновацияларды және әлемдік экономикадағы өзгерістер мен елдің жалпы экономикалық және әлеуметтік дамуымен тығыз байланысты. Осы бағыттардағы мәселелердің шешімін табуы Қазақстанның орнықты дамуын қамтамасыз етуге өріс береді деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Милосердов В. В. Земельные отношения: необходимость смены курса // Наш современник, 2011. - № 1. - 210 с.
2. «Жер реформасы туралы» Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Заңы 28 маусым 1991 жыл/
3. Қазақ КСР мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1991-1992 жылдарға арналған Бағдарламасы <https://aldaspaninfo.kz>
4. Қазақстан Республикасының Жер кодексі Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 Кодекс
5. Кульмаганбетова А. С. Рынок земель сельскохозяйственного назначения в Республике Казахстан/ WORLD SCIENCE: PROBLEMS AND INNOVATIONS: сборник статей IV Международной научно-практической конференции. В 2 ч. Ч. - Пенза: МЦНС «Наука и Просвещение». - 2016. - 282 с.
6. Сводный аналитический отчет о состоянии и использовании земель за 2021 год – Астана, 2022. – 334 с
7. Калиев Г.А. Аграрные проблемы на рубеже веков. Алматы: РГП «НИИ экономики АПК и развития сельских территорий», 2003. - 150 с.
8. Никитин В. Проблемы и перспективы использования сельскохозяйственных земель в Казахстане . Комсомольская правда. — 2023. — № 7. -С. 7-8.

СОДЕРЖАНИЕ CONTENT

СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ НАУКИ **AGRICULTURAL SCIENCES**

BERDIKULOV MAHAT AMANBEKOVICH, MUSSAYEVA GULZHAN KALENOVNA, MAIKHIN KYDYRBAY TAZHIBAYEVICH, SAMARKHANOV SERIK KAYSANOVICH [ALMATY, KAZAKHSTAN] MIXED INFESTATION OF CATTLE AND SOME FACTORS DETERMINING THE OCCURRENCE AND DEVELOPMENT OF ASSOCIATIVE INFESTATIONS IN CATTLE.....3

МУХАНОВА ГУЛЬМИРА САМУДИНОВНА, ИДРИСОВ МАРАТ МАКЕЕВИЧ, КИСЕЛЁВА ОЛЬГА ГЕННАДЬЕВНА, ТЫМБАЕВА ЖАЗИРА МУРАТБЕКОВНА, АЛИПБАЕВА НАЗЕРКЕ СУНГАТУЛЛАЕВНА [АЛМАТЫ, КАЗАХСТАН] НОВАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ПРОИЗВОДСТВА ЦЕЛЛЮЛОЗЫ ИЗ РАСТИТЕЛЬНОГО СЫРЬЯ.....7

ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ **ECONOMIC SCIENCES**

КУЗЬМЕНКО ЮЛИЯ ВИКТОРОВНА, ОЛЕСИЮК МАРИЯ МИХАЙЛОВНА [ПЕТРОПАВЛОВСК, КАЗАХСТАН] ВОЗМОЖНОСТИ РАЗРАБОТКИ ИННОВАЦИОННОГО ТУРИСТСКОГО ПРОДУКТА НА ТЕРРИТОРИИ СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ.....12

ШОМШЕКОВА БАЛХИЯ [ТАЛДЫҚОРҒАН, ҚАЗАҚСТАН] ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ.....16

КУДАЙБЕРДИЕВА САЛТАНАТ АБДУМАЛИКОВНА [БИШКЕК, КЫРГЫЗСТАН] ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ ОКАЗЫВАЕТ ЗНАЧИТЕЛЬНОЕ ВЛИЯНИЕ НА КРЕАТИВНУЮ ЭКОНОМИКУ.....23

ЭКОЛОГИЯ **ECOLOGY**

БАЛАПАНОВА ЭЛЬМИРА САЛИМОВНА [КАЗАХСТАН, АЛМАТЫ], **БАЛАПАНОВ ДАНИЯР КАБЫЛБЕКОВИЧ** [КАЗАХСТАН, ТАРАЗ] АНАЛИЗ РЫНКА ПЕРЕРАБОТКИ ТБО.....28

ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ **TECHNICAL SCIENCES**

САМАТОВА АЙДАНА АЙДЫНҚЫЗЫ, БЕКТАСОВА ГУЛЬСУМ САФУАНОВНА [ӨСКЕМЕН, ҚАЗАҚСТАН] ЯДРОЛЫҚ РЕАКЦИЯЛАР БӨЛІМІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІНДЕГІ ИННОВАЦИЯ.....31

МУХАНОВА ГУЛЬМИРА САМУДИНОВНА, ИДРИСОВ МАРАТ МАКЕЕВИЧ, КИСЕЛЁВА ОЛЬГА ГЕННАДЬЕВНА, ТЫМБАЕВА ЖАЗИРА МУРАТБЕКОВНА, АЛИПБАЕВА НАЗЕРКЕ СУНГАТУЛЛАЕВНА [АЛМАТЫ, КАЗАХСТАН] НОВАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ПРОИЗВОДСТВА ЦЕЛЛЮЛОЗЫ ИЗ РАСТИТЕЛЬНОГО СЫРЬЯ.....36

СЕЙТАХМЕТОВА ЖАНАТ МАРАТОВНА, ҚОШҚАРБЕК АЯУЛЫМ ПЕРНЕБЕКҚЫЗЫ [ӨСКЕМЕН, ҚАЗАҚСТАН] ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА LESSON STUDY ӘДІСІН ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ МҰҒАЛІМНІҢ ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІН ДАМУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ.....41